

## Качир ауданы Октябрь ауылдық округі Октябрьское ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Октябрь ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 10 қаңтардағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 ақпанда № 5362 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Октябрь ауылдық округі Октябрьское ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Октябрь ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Качир ауданы Октябрь ауылдық округі Октябрьское ауылының мына көшелері: "Ленин" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі болып; "Кирова" көшесі "Достық" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданысқа енгізіледі.

*Октябрь ауылдық  
округінің әкімі*

*М. Мирманов*